

Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидаларын, талаптарын және әдістемесін, сондай-ақ акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның активтер мен міндеттемелердің құны және құрамы, инвестициялық қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ пай ұстаушылардың саны және пай кірістілігі туралы ақпарат ұсыну қағидаларын, нысандарын және мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 259 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 4 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3124.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Бекітілсін:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидалары, талаптары және әдістемесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның активтер мен міндеттемелердің құны және құрамы, инвестициялық қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ пай ұстаушылардың саны және инвестициялық пай кірістілігі туралы ақпарат ұсыну қағидалары, нысандары және мерзімдері.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне, инвестициялық портфельді басқарушыларға жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі
Басқармасының
2004 жылғы 21 тамыздағы
№ 259 қаулысына 1-қосымша

Ескерту. Қағиданың оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидалары, талаптары және әдістемесі

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидалары, талаптары және әдістемесі (бұдан әрі – Қағидалар) "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын

және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау қағидаларын, талаптарын және әдістемесін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2015 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелерінің құнын айқындауды басқарушы компания және инвестициялық қордың кастодианы қызмет етуін олар қамтамасыз ететін әрбір инвестициялық қор бойынша жеке жүзеге асырады.

2. Басқарушы компания және инвестициялық қордың кастодианы мынадай талаптарды сақтай отырып, мыналарды қамтамасыз етеді:

1) инвестициялық қор активтерінің құрылымы:

инвестициялық қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;

алынған кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша дивидендтер, сыйақылар түріндегі түсімдер, сондай-ақ инвестициялық қордың активтерімен мәмілелерден болған кірістер;

есептелген кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы, қор активтерін қайта бағалаудан болған құнының өсімі бөлігінде көрсетіледі;

2) инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелетін және инвестициялық қордың қызмет етуін қамтамасыз ететін тұлғаларға төленетін шығыстар:

инвестициялық қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;

инвестициялық кіріс есебінен өтелетін шығыстарға бөлінеді.

3. Инвестициялық қордың шоттары бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде мыналар көрсетіледі:

1) валюта түрі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қордың активтері және Қазақстан Республикасынан басқа, өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған немесе олардың аумағындағы инвестициялық қордың активтері;

3) қаржы құралдарының түрлері және айналыс (қолданылу) мерзімдері;

4) бағалы қағаздардың эмитенттері (бағалы қағаздардың сәйкестендіру нөмірлері), салым шарттары жасалған банктер, инвестициялық қор сатып алған қаржы құралдарын шығарған тұлғалар;

5) инвестициялық қор активтерінің құрамына енгізілген қаржы құралдарының саны;

- 6) инвестициялық қор активінің соңғы ағымдағы құны және оның номиналды құны (борыштық бағалы қағаздар үшін) немесе баланстық құны (акциялар үшін);
- 7) инвестициялық қор активін сатып алу күні және оның сатып алу құны;
- 8) есептелген кіріс сомасы, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелерінің құнын айқындау

4. Инвестициялық пай қоры активтері мен міндеттемелерінің құны пайларды орналастырудың барлық кезеңі ішінде (бастапқы орналастыру кезеңін қоспағанда) және/немесе пайларды орналастыру және/немесе сатып алу күнінің алдындағы жұмыс күнінің соңына пайларды сатып алудың барлық кезеңі ішінде, сондай-ақ:

- 1) инвестициялық пай қорының пайларын бастапқы орналастырудың аяқталу күніне ;
 - 2) ашық инвестициялық пай қоры үшін әр аптаның соңғы жұмыс күнінің жағдайы бойынша;
 - 3) аралық және жабық инвестициялық пай қоры үшін әр айдың соңғы күнінің жағдайы бойынша;
 - 4) пайларды орналастыруды және (немесе) сатып алуды қалпына келтіруі туралы шешімді қабылдау күніне - оларды орналастыру және (немесе) сатып алу тоқтата тұрылған жағдайда;
 - 5) инвестициялық пай қорының қызмет етуінің тоқтауы үшін негіз туындаған күнге - оның қызмет етуі тоқтаған жағдайда;
 - 6) инвестициялық пай қорының ережелеріне сәйкес өзге жағдайларда айқындалады.
- Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Акционерлік инвестициялық қор активтері мен міндеттемелерінің құны әр айдың соңғы жұмыс күнінің аяғындағы жағдай бойынша және акцияларды шығару проспектісіне сәйкес өзге жағдайларда айқындалады.

6. 4-тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда әр айдың соңғы жұмыс күнінің аяғындағы жағдай бойынша инвестициялық қор активтері мен міндеттемелерінің құны басқарушы компанияға және инвестициялық қордың қызмет етуін қамтамасыз ететін өзге тұлғаларға шығыстарды есептегеннен және сыйақы төлегеннен кейін айқындалады.

6-1. Инвестициялық қор активтерінің құрамында қаржы құралын тану, сондай-ақ қаржы құралын есептен шығару мәмілені кастодианның немесе орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу күніне жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7. Инвестициялық қордың активтерін құрайтын және қор биржасының тізіміне кіретін қаржы құралы ол тізіміне кіретін қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес нарықтық бағасы немесе клирингтік ұйымның есеп айырысу бағасы бойынша не Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша бағаланады.

Шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдары Bloomberg (Блумберг) немесе Reuters (Рейтер) ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша бағалау жүргізілетін сауда күнін жабу бағасы бойынша жұмыс күнінің соңына бағаланады.

Қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесінде және Қағидаларда бағасы көзделмеген борыштық бағалы қағаздардың әділ құны ағымдағы аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында апта сайын амортизацияланған құны бойынша есепке алу арқылы айқындалады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.12.2025 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-1. Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттерінің Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа түсетін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы бағалы қағаздардың эмитентімен жасалған келісімдер шеңберінде Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған борыштық бағалы қағаздардың бағалануы сатып алу құны бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 171 Қаулысымен.

7-2. Басқарушы компания эмитенттің қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан құнын жоғалтқан кезде осы активтердің құнсыздануымен (арзандауымен) байланысты ай сайын инвестициялық қордың активтерін құрайтын қаржы құралдарының құнсыздануына тест жүргізеді және құнсызданудың қажетті мөлшерін қалыптастырады немесе құнын кері түзетуді жүзеге асырады.

Инвестициялық қордың активтерін құрайтын барлық қаржы құралы құнсыздануына тестілеуге жатады.

Қаржы құралдарының құнсыздануы және құнын төмендету құнсыздандыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7-3. Құнсызданудың немесе құнын төмендетудің критерийлері мыналар болып табылады:

- 1) эмитенттің қаржылық жай-күйі;
- 2) кез келген төлемдердің өтеу мерзімін өткізу;
- 3) кепілдіктердің болуы;
- 4) қор биржасы айқындайтын өтімділік көрсеткіші;
- 5) рейтингтің болуы.

Акциялардың құнсыздануына немесе құнының төмендетілуіне тестілеу жүргізу кезінде осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануына немесе құнының төмендетілуіне тестілеу жүргізу кезінде осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген критерий қолданылмайды.

Әрбір критерий бойынша осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Баллдар сомасы бағалы қағаздардың жіктеу санатын анықтаған кезде қолданылады. Актив бойынша алған баллдар санына қарай оның жіктеу санаты және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес қажетті құнсыздану мөлшері белгіленеді.

Ескерту. 7-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз), 2011.02.28 № 16(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7-4. Эмитенттің қаржылық жай-күйі, қаржылық жай-күйін бағалау тәртібін, әдісін, тәсілдерін, қажетті құжаттар тізбесін және эмитенттің қаржылық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де қабылдауға болатын ақпаратты қамтитын Әдістемеге сәйкес бағаланады. Әдістеме басқарушы компанияның басқару органымен бекітіледі және оның есеп жүргізу саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Әдістеме эмитенттің қаржылық жай-күйін сипаттайтын мынадай негізгі көрсеткіштерді:

1) эмитенттің өз міндеттемелерін қамтамасыз етуге қабілеттілігін ашып көрсететін, Әдістемеді белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығына қарай есептелетін төлем қабілеттілігін;

2) капиталдың құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылғы динамикасымен), Әдістемеде белгіленген тиісті коэффициенттер жиынтығына қарай есептелетін рентабельділігін ашып көрсететін қаржылық тұрақтылығын;

3) эмитент өзінің қаржылық жай-күйін жақсарту үшін қолданатын шараларды қамтиды.

Ескерту. 7-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз) Қаулысымен.

7-5. Эмитенттің қаржылық жай-күйі былайша жіктеледі:

1) тұрақты – эмитенттің қаржылық жай-күйі тұрақты:

эмитент төлеуге қабілетті;

коэффициенттердің мәні Әдістемеге сәйкес, жалпылама қабылданған нормалар шегінде есептелген;

бизнестің дамуы үшін жағымды нарықтық жағдайлары бар, сондай-ақ нарықтағы бәсекелестік позициясы жақсы;

ресурстар мен капитал нарығына еркін қол жетімділігі бар, бағалы қағаздарды шығару мерзімі ішінде эмитенттің қаржылық жағдайын елеулі нашарлатуға әкелетін сыртқы немесе ішкі факторлары анықталмаған;

эмитенттің өзінің міндеттемесі бойынша есеп айырысу мүмкіндігі күмән туғызбайды;

эмитенттің активтері мен міндеттемелері мерзімдер бойынша шамалас келеді;

2) қанағаттанарлық – осы санаттағы эмитенттің қаржылық жай-күйі "тұрақты" сипатындағыға жақын келеді, бірақ оны ұзақ уақыт осы деңгейде ұстап тұру ықтималы төмен болып табылады.

3) тұрақсыз – эмитент мынадай факторлардың себебінен өзінің міндеттемелері бойынша есеп айырыса алмайды деген ықтималы бар:

эмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты және елеулі нашарлауының белгілері бар (эмитент қабылдаған шаралар қаржылық жай-күйінің тұрақтандыруы үшін тиімді емес);

эмитентті материалдық залалға ұшыратқан, бірақ оның қызметін тоқтатуға әкелмеген төтенше немесе өзге жағдайлардың болуы;

4) өте қиын - эмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты нашарлауы күрделі деңгейге жетті:

төлеуге қабілетсіз, эмитент банкрот болуы немесе өзге түрде қайта құрылуы ықтимал;

шарт талаптарын бұзуы (пайыз немесе негізгі борыш сомасын төлемеу немесе төлеу мерзімдерін бұзу);

бағалы қағаздар ұстаушының эмитентке талап ету құқығын беру, өзге жағдайда ол берілмейтін еді;

эмитентті материалдық залалға ұшыратқан және (немесе) оған өзінің қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың болуы.

Бағалы қағаздардың қажетті құнсыздану немесе құнын азайту мөлшері Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес айқындалады және бағаланатын бағалы қағаздың жіктеу санатына байланысты болады:

он пайызға - "1-санаттағы күмәнді" жіктеу санаты үшін,

он бес пайызға - "2-санаттағы күмәнді" жіктеу санаты үшін,

жиырма бес пайызға - "3-санаттағы күмәнді" жіктеу санаты үшін", елу пайызға - "қанағаттанарлықсыз" жіктеу санаты үшін.

Қаржы құралын өтімділігі бірінші сыныпты тізімнен шығару қаржы құралы сапасының, сондай-ақ оның эмитентінің қаржы жағдайының нашарлауы туралы куәландыратын басқа факторлар болмаған жағдайда құнсызданудың негізі болып табылмайды. Қаржы құралының әділ құнының нақты шығындардан немесе амортизацияланған құнынан төмен төмендеуі құнсызданудың растауы болып табылады. Барлық жоғарыда аталған оқиғалар басқа қолжетімді деректермен жиынтығында қаралады.

Басқарушы компания бухгалтерлік есепте осы Қағидалардың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес есептелген бағалы қағаздардың қажетті құнсыздануының мөлшерін есепке алады.

Бағалы қағаздардың қажетті құнсыздануының мөлшерін қалыптастыру немесе құнын төмендетуді жүзеге асыру осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес барынша төменгі мөлшерде жүргізіледі.

Әдістемеде көзделген жағдайларда басқарушы компания қажетті құнсызданудың мөлшерін қалыптастырады немесе осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген барынша төменгі мөлшерінен асатын мөлшерде бағалы қағаздардың құнын төмендетеді. Басқарушы компания қажетті құнсызданудың мөлшерін қалыптастыруды немесе бағалы қағаздардың құнын төмендетуді жүзеге асыруды құнсыздануды тану критерийінің пайда болуына қарай, бірақ кем дегенде айына бір рет жүргізеді.

Құнсызданудың қажетті мөлшері немесе бағалы қағаздар бойынша құнын төмендету бағалы қағаздардың ағымдағы (баланстық) құнынан бұрын қалыптастырылған осы бағалы қағаздардың құнсыздану немесе құнының төмендету мөлшерлері ескерілмей есептеледі

Ескерту. 7-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.09.03 N 121(қолданысқа енгізіл тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.02.28 № 16 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7-6. Өтімді емес акциялардың құны баланстық құны бойынша анықталады. Бұл ретте акция, егер инвестициялық қордың активтеріне қайта бағалау жүргізу күні осы бағалы қағаз Қор биржасының бағалы қағаздарының өтімділік көрсеткіштерін айқындау әдістемесіне сәйкес айқындалған өтімділіктің бірінші сыныпты бағалы қағаздарының тізіміне кірмесе, өтімді емес болып танылады.

Қағидалардың мақсаттары үшін жай акциялардың баланстық құны және артықшылық берілген акциялардың баланстық құны ретінде "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 102-бабының және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17579 болып тіркелген "Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысының талаптарына сәйкес жарияланатын эмитенттің қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын тиісінше жай акциялардың құны мен артықшылық берілген акциялардың құны түсініледі.

Эмитенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты емес себептермен қор биржасының тізімінен алып тасталған пайлар таза активтер құны бойынша бағаланады.

Ескерту. 7-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Қаржы құралдарынан басқа, инвестициялық қордың өзге мүлкінің нарықтық құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі жөніндегі заңдарына сәйкес айқындалады.

Егер инвестициялық қордың активтері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болған жағдайда, олардың құны аумағында инвестициялық қордың активтері бар мемлекеттердің заңдарына сәйкес мүлікті бағалауды жүзеге асыру лицензиясына (рұқсатына) ие бағалаушылар айқындай алады.

9. Бағалаушы бағалайтын инвестициялық қордың активтері оларды сатып алған және иелігінен шығарған кезде, сондай-ақ акционерлік инвестициялық қордың акцияларын шығару проспектісінде немесе инвестициялық пай қорының ережелерінде белгіленген мерзімде, бірақ жылына бір реттен кем емес бағалануға жатады.

10. Инвестициялық қордың құны шетел валютасымен көрсетілген активтері мен міндеттемелерін бағалау инвестициялық қор активтерінің құнын айқындау күні Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы №

15 бірлескен қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында көзделген тәртіппен валюталар айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша бағамы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10-1. РЕПО және кері РЕПО операциялары, орналастырылған салымдар, инвестициялық қор алған және берген қарыздар амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Осы тармақта көзделген қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер және шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептеледі.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Инвестициялық қордың міндеттемелеріне:

- 1) инвестициялық қордың бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі міндеттемелер;
- 2) инвестициялық қордың бағалы қағаздары бойынша дивидендтерді төлеу жөніндегі міндеттемелер;
- 3) инвестициялық қордың активтерімен болған мәмілелер, инвестициялық қордың қызмет етуін қамтамасыз ететін тұлғаларға төленетін комиссиялық сыйақы бойынша берешек;
- 4) инвестициялық қордың активтері есебінен орындалуға жататын өзге де міндеттемелер кіреді.

11-1. Акционерлік инвестициялық қордың акциялары және жабық инвестициялық қордың пайлары бойынша дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемелерді басқарушы компания және кастодиан:

акционерлік инвестициялық қор дивидендтер төлеу туралы ақпаратты (шешімді) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялаған;

жабық инвестициялық қордың пайларын ұстаушылардың осы жабық инвестициялық қордың қағидаларында көзделген талаптармен және тәртіппен дивидендтер алуға құқықтары туындаған күннен бастап таниды.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есептік құнын және акционерлік инвестициялық қор акциясын сатып алу бағасын айқындау

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

12. Инвестициялық қордың таза активтерінің құны осы инвестициялық қордың активтері есебінен орындалуға жататын активтері мен міндеттемелерінің құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Акционерлік инвестициялық қордың таза активтерінің құнын есептеген кезде акционерлік инвестициялық қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған акционерлік инвестициялық қордың кастодианында есепте тұрмаған және сақтауында жоқ активтер мен бөлінбеген кірістің бір бөлігі есепке алынбайды.

13. Инвестициялық пай қоры пайының есепті құны мұндай қордың таза активтерінің құнын айқындау күніне осы құнды инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің деректеріне сай сол күнге айналыста болатын пайлар санына бөлу арқылы айқындалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Акционерлік инвестициялық қор акцияларын сатып алу бағасы акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен акциялардың құнын айқындау әдістемесіне сәйкес айқындалады.

14-1. Тәуекелді инвестициялаудың инвестициялық пай қорының пайын қоспағанда, инвестициялық пай қоры пайының есептелген құны басқарушы компанияның ресми интернет-ресурсында келесі жұмыс күні сағат 18:00-ден кешіктірілмей орналастырылады.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз) қаулысымен, жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.12.2025 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Инвестициялық қор
активтерінің, инвестициялық
қордың таза активтерінің құнын,
инвестициялық пай қоры
пайының есептік құнын және
акционерлік инвестициялық қор
акциясын сатып алу бағасын
айқындау қағидаларына,

Бағалы қағаздар құнының құнсыздануын немесе азаюын тану критерийлері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 54 (01.06.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.11.2019 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.08.2025 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№	Өлшемнің атауы	Балл саны
1	2	3
1	Қаржылық жай-күйі:	
1.1	Тұрақты	+0
1.2	Қанағаттанарлық	+1
1.3	Тұрақсыз	+2
1.4	Күрделі	+7
2	Кез келген төлемді өтеу мерзімін өткізіп алу:	
2.1	Мерзімін өткізіп алудың болмауы	-1
2.2	7 (жеті) күнге дейін мерзімін өткізіп алу	+0
2.3	8 (сегіз) күннен 15 (он бес) күнге дейін мерзімін өткізіп алу	+1
2.4	16 (он алты) күннен 30 (отыз) күнге дейін мерзімін өткізіп алу	+2
2.5	30 (отыз) күннен астам	+3
2.6	күнтізбелік 1 (бір) жылдан астам	+4
3	Кепілдіктің болуы:	
3.1	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100% кепілдігі болған кезде)	-4
3.2	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100%-дан аз кепілдігі болған кезде)	(Баллдардың жиынтығы кепілдікке "-4"-тен пропорционалды есептеледі)
3.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттің	-3

3.4	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері	-3
3.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитентінің	-2
3.6	Кепілдігі жоқ	+0
4	Өтімділік көрсеткішінің болуы:	
4.1	Өтімділіктің бірінші сыныбы	+0
4.2	Өтімділіктің бірінші сыныбының болмауы	+1
5	Рейтингтің болуы:	
5.1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы	-4
5.2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" тан "BBB-" дейін немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы	-3
5.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" тан "В-" дейін немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы	-2
5.4	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "В-" тан төмен немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы	+3
6	Рейтингсіз	
6.1	Қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	-1
6.2	Қор биржасының ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген борыштық бағалы қағаздары	+0

7	Қор биржасы тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген эмитенттердің акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	-1
7.1	Қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "стандарт" санатына және "Баламалы" алаңының "акциялар" секторына енгізілген эмитенттердің акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	+0
8	Қор биржасы тізімінің "Борыштық бағалы қағаздарға арналған буфер" сегментіне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+1
9	Дефолт, делистинг және рейтингті төмендету	+2
10	Бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру (қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімі)	+2
11	Ақпараттың болмауы	+10

Ескерту:

"Ақпараттың болмауы" өлшемі бойынша баллдар, эмитенттің қызметі туралы ақпарат (оның ішінде қаржылық есептілік) қор биржасының, уәкілетті органның интернет-ресурсында және эмитенттің өз интернет-ресурсында орналастырылмаған жағдайда, сондай-ақ эмитенттің өзінен қаржылық жай-күйіне талдау жасау үшін қажетті қаржылық және өзге де есептілікті алуға мүмкіндік болмаған жағдайда беріледі.

Инвестициялық қор
активтерінің, инвестициялық
қордың таза активтерінің құнын,
инвестициялық пай қоры
пайының есептік құнын және
акционерлік инвестициялық қор
акциясын сатып алу бағасын
айқындау қағидаларына,
талаптарына және әдістемесіне
2-қосымша

Бағалы қағаздар құнсыздануының немесе құнының төмендетілуінің қажетті мөлшері

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 188 (2-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Балдар сомасы	Бағалы қағаздардың жіктеу санаты	Құнсыздануының немесе құнының төмендетілуінің қажетті ең төмен мөлшері
1	Стандартты	0 %
2-4	1-санаттағы күмәнді	10 %
5-7	2-санаттағы күмәнді	15 %
8-10	3-санаттағы күмәнді	25 % (35 %)
11-12	Қанағаттанарлықсыз	50 % (70 %)
12-ден жоғары	Үмітсіз	90 %

Кесте бойынша түсініктемелер

Бағалы қағаздарды құнсыздандыру немесе бағалы қағаздардың құнын төмендету үшін осы өлшемшарттарды пайдаланғанда, рейтингтік бағасы және қор биржасы алаңы секторының санаты болған кезде есепке рейтингтік бағасы алынады.

1-ге дейінгі (қоса алғанда) балл сомасы алынған кезде – бағалы қағаз стандартты болып жіктеледі.

Балл сомасы 2-ден 4-ке дейінгі (қоса алғанда) мәніне тең болған кезде – бағалы қағаз 1-санаттағы күмәнді болып жіктеледі, 10 (он) пайыз провизиялар қалыптастырылады.

Балл сомасы 5-тен 7-ге дейін (қоса алғанда) мәніне тең болған кезде – бағалы қағаз 2-санаттағы күмәнді болып жіктеледі, 15 (он бес) пайыз провизиялар қалыптастырылады.

Балл сомасы 8-ден 10-ға дейінгі (қоса алғанда) мәніне тең болған кезде – бағалы қағаз 3-санаттағы күмәнді болып жіктеледі:

облигациялар бойынша 25 (жиырма бес) пайыз провизиялар;

акциялар бойынша 35 (отыз бес) пайыз провизиялар қалыптастырылады.

Балл сомасы 11-нан 12-ге дейінгі (қоса алғанда) мәніне тең болған кезде – бағалы қағаз қанағаттанарлықсыз болып жіктеледі:

облигациялар бойынша 50 (елу) пайыз провизиялар;

акциялар бойынша 70 (жетпіс) пайыз провизиялар қалыптастырылады.

Сомасы 12-ден артық болған кезде бағалы қағаз үмітсіз деп жіктеледі, 90 (тоқсан) пайыз провизиялар қалыптастырылады. Бұл ретте, егер эмитенттің борыштық бағалы қағазы үмітсіз деп жіктелсе, онда осы эмитенттің акциясы бір мезгілде нөлге дейін есептен шығарылады.

Эмитент банкрот болған жағдайда осы бағалы қағаз бір мезгілде нөлге дейін есептен шығарылады.

Акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелердің құны және құрамы, таза активтерінің құны, пай ұстаушылардың саны және инвестициялық пай қоры пайының кірістілігі туралы ақпаратты ұсыну қағидалары, нысандары және мерзімдері

Ескерту. Бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелерінің құны мен құрамы, таза активтерінің құны, сондай-ақ пайларды ұстаушылардың саны мен пайдың кірістілігі туралы ақпаратты ұсыну қағидалары, нысандары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалары) "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және акционерлік инвестициялық қордың немесе басқарушы компанияның активтер мен міндеттемелердің құны мен құрамы, инвестициялық қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ пайларды ұстаушылардың саны мен пайдың кірістілігі туралы ақпарат беру тәртібін, нысандары мен мерзімдерін айқындайды.

2. Инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелерінің құны және құрамы, таза активтерінің құны туралы, сондай-ақ инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылардың саны және пайдың кірістілігі туралы ақпарат ай сайын әр айдың 1 күніндегі жағдай бойынша осы айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірілмей Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқарушы компанияның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Акционерлік инвестициялық қор мен басқарушы компания, акционерлік инвестициялық қор арасында жасалатын сенімгерлік басқарудың қолданыстағы шарты болмаған кезде акционерлік инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелерінің құны мен құрамы, таза активтерінің құны туралы ақпарат осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады.

3. Инвестициялық пай қоры пайларының кірістілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$((P1/P2-1) / N * 365 \text{ күн} * 100), \text{ мұнда:}$$

P1 – кезең соңында пайды есептеу құны;

P2 – кезең басында пайды есептеу құны;

N – кезеңдегі күн саны.

Акционерлік инвестициялық
қордың немесе басқарушы
компанияның инвестициялық
қордың активтері мен
міндеттемелерінің құны мен
құрамы, таза активтерінің құны,
сондай-ақ пайларды ұстаушылардың
саны мен пайдың кірістілігі
туралы ақпаратты ұсыну
қағидаларына, нысандары мен
мерзімдеріне
қосымша

Активтер мен міндеттемелердің құны және құрамы, инвестициялық қордың таза активтерінің құны, сондай-ақ инвестициялық пай қорларының пай ұстаушыларының саны және пайдың кірістілігі

1-бөлім. Инвестициялық қордың активтер мен міндеттемелердің құны және құрамы, таза активтерінің құны

Баптың атауы	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
1	2	3
Активтер		
Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары		
Тазартылған бағалы металдар		
Банктердегі салымдар		
Бағалы қағаздар,		
оның ішінде:		
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		
халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары		
шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		
шет мемлекеттердің бағалы қағаздары		
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		
басқа да бағалы қағаздар		
Депозитарлық қолхаттар		

Инвестициялық пай қорларының пайлары		
Акционерлік қоғам болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар		
"кері РЕПО" операциялары бойынша талаптар		
Дебиторлық берешек		
Туынды қаржы құралдары		
Материалдық емес активтер		
Негізгі құралдар		
оның ішінде:		
жер учаскелері		
үйлер мен ғимараттар		
Басқа да негізгі құралдар		
Басқа да активтер		
Активтер жиынтығы		
Міндеттемелер		
Инвестициялық қордың бағалы қағаздарын сатып алу		
Төлеуге арналған дивидендтер		
Алынған қарыздар		
Туынды қаржы құралдары		
Кредиторлық берешек		
кері "Репо" операциялары бойынша міндеттемелер		
Басқа да міндеттемелер		
Міндеттемелер жиынтығы		
Таза активтер жиынтығы		

2-бөлім. Инвестициялық қордың пай ұстаушыларының саны және пайдың кірістілігі

Инвестициялық қордың атауы	Айналыстағы пайлардың (акциялардың) саны	Пайдың есептік құны ((Инвестициялық пай қоры үшін)		Пайдың кірістілігі (Инвестициялық пай қоры үшін), соңғы он екі ай үшін жылдық % -бен
		есепті кезеңнің басына	есепті кезеңнің соңына	
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Акциялардың құны (акционерлік инвестициялық қор үшін)	Заңды тұлғалар пайшыларының саны (инвестициялық пай қоры үшін)	Жеке тұлғалар пайшыларының саны (инвестициялық пай қоры үшін)	Кастодиан банктің атауы	Ескерту
6	7	8	9	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК